

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/268 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 шілдеде № 11708 болып тіркелді.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы " "

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев

2015 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 мамырдағы
№ 4-3/268 бұйрығымен
бекітілген

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.07.2020 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан – әрі машина) кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу және "Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) тіркеу және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтату, сондай-ақ кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) кепілді электрондық тіркеу – бірыңғай тізілім арқылы электрондық нысандағы өтініш негізінде жүзеге асырылатын машиналар кепілін тіркеу;

3) тіркеуші орган – машиналардың кепілін тіркеуді, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген іс-қимылдарды жүзеге асыратын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші)).

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.02.2024 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз нысанында көрсетіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), машиналар кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркеуші органға (көрсетілетін қызметті берушіге) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) не Мемлекеттік корпорация не тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтатуды тіркеу үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркеуші органға (көрсетілетін қызметті берушіге) портал не Мемлекеттік корпорация арқылы не тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

"Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтатуды тіркеу, сондай-ақ кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада жазылған.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.02.2024 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) өтініш қабылданған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорация жұмыскері ұсынылған құжаттар мен өтініште камтылған мәліметтердің толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда, Мемлекеттік корпорация жұмыскері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар қабылданғанда, көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар қабылданғаны туралы қол хат беріледі.

Қабылданған құжаттар Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 52 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13248 болып тіркелген) бекітілген " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызметінің қағидаларына сәйкес тіркеуші органға жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда, құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

8. Тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) кеңсесінің қызметкері құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мейрам күндері жүгінгенде, жолданымдарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жақын арадағы жұмыс күні жүзеге асырылады.

Тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесінде қағаз тасығыштағы өтініштің көшірмесінде күні, уақыты (сағаты, минуты), өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі және аты-жөні, лауазымы көрсетіле отырып, тіркелгені туралы белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) кеңсесінің қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрамның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) құжаттарды қабылдаған күні ұсынылған құжаттардың толықтығын және/немесе өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын тексереді және өтінім беруші толық емес құжаттарды, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен

құжаттарды ұсынған жағдайда, электрондық нысанда тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жолдайды.

10. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысы құжаттарды қабылдаған күні тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысын (бұдан әрі – инженер-инспектор) анықтайды.

Инженер-инспектор өтініш қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын және өтініштің Заңның 9-бабында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Инженер-инспектор өтініштегі мәліметтерді осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналар кепілінің тізіліміне енгізеді, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін – машиналардың кепілін тіркеу туралы куәлікті немесе машиналардың кепілін тіркеу туралы куәліктің көшірмесін немесе кепілді тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістерді, толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу), тіркелген кепілдің қолданысын тоқтатуды тіркеу туралы хабарламаны немесе осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты ресімдейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға не Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанда жіберіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жүргізілген электрондық тіркеу туралы ақпарат кепіл ұстаушының, тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) ақпараттық жүйелерінде сақталады және құжаттамалық растауды қажет етпейді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) кепілді тіркеу туралы өтініштің Заңның 9-бабының талаптарына сәйкес келмеуі;

3) кепілді тіркеу туралы өтінішпен тиісті емес адамның жүгінуі;

4) жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжаттың болмауы.

13. Кепіл шартының қолданылуын тоқтатуды тіркеуді тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) машиналар кепілі тізілімінде кепіл туралы жазбаны жою жолымен жүргізеді.

14. Машиналар кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жойылған (жоғалған, бүлінген) жағдайда, машиналар кепілі тізілімінде тиісті мәліметтер енгізіле отырып, телнұсқа беріледі.

15. Машиналардың кепілін тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістер мен толықтыруларды және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтатуды тіркеу туралы мәліметтердің қолжетімділігін және ақпараттың берілуін Заңның 18-бабына сәйкес тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) қамтамасыз етеді.

16. Тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) машиналар кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру, өзгерістер мен толықтыруларды және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтатуды тіркеу кезінде машиналар кепілі тізіліміне, оның ішінде бірыңғай тізілімге тиісті мәліметті енгізеді.

17. Тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) және (немесе) оның лауазымды адамының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

18. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шағымды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) қарайды.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған тіркеуші органға (көрсетілетін қызметті берушіге) және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабы 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын, қолайлы акт қабылданған, әкімшілік әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес:

жергілікті атқарушы орган тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;
мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

Тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждalған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауылшаруашылық,
мелиорациялық және
жол-құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
I-қосымша
Нысан

(тіркеуші органның атауы)

Өтініш

Кепіл беруші _____

_____ (жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы); заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру

нөмірі (бұдан әрі - БСН), атауы, орналасқан жерінің мекенжайы)

Кепіл ұстаушы _____

_____ (жеке тұлғаның ЖСН-сы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы; заңды тұлғаның БСН-сы, атауы, орналасқан жерінің мекенжайы)

_____ сұраймын

(кепілді мемлекеттік тіркеуді, машиналар кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе

куәліктің телнұсқасын беруді жүзеге асыруды)

_____ (шарттың нөмірі, кепіл туралы шарттың немесе кепіл туралы талаптарды қамтыған өзге де

шарттың жасалған күні мен орны)

_____ (кепіл заты болып табылатын жылжымалы мүліктің тізбесі (машиналар тізімі) және сипаттауы

(машинаның маркасы, тіркеу құжатының нөмірі және сериясы, МТНБ) немесе кепіл туралы

шарт тараптарының келісімінде көзделген кепілді қамтамасыз етудің нақты сипаттауы талап

етілмей кепіл затының жалпы сипаттауы)

_____ (кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы)

_____ (міндеттеме кепілімен қамтамасыз етілген қолданылу мерзімі)

_____ (кепілге салынған мүліктің қай тарапта екенін көрсету, оны пайдалануға жол беру және қайта

кепілге салу туралы мәліметтер).

(көрсетілетін қызметті алушының электрондық почтасының мекенжайы (бар болса)
)

Осы өтінішке қоса берілетін құжаттардың атауы:

Көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

Өтініш беру күні: 20__жылғы _____

Өтінішті қабылдау күні: 20__жылғы _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

Уақыты: ___ сағат _____ минут

Тіркеушінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Өтінішке "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті тіркеуші органға және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына берген кезде жеке басын куәландыратын құжатты, ал тұлғаның өкілі – оның өкілеттігін растайтын құжатты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды

(тіркеуші органның атауы)

Өтініш

Кепіл беруші _____

(жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы); заңды тұлғаның бизнес
сәйкестендіру

нөмірі (бұдан әрі - БСН), атауы, орналасқан жерінің мекенжайы)

Кепіл ұстаушы _____

(жеке тұлғаның ЖСН, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің
мекенжайы;

заңды тұлғаның БСН, атауы, орналасқан жерінің мекенжайы)

_____ сұраймын

(өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде меншік құқығының басқаға ауысуы,
талап ету

құқығын басқаға беру, одан кейінгі кепіл (кепілге қайта салу)) тіркеу және тіркелген
кепілдің

қолданысын тоқтату)

(бастапқы тіркелген кепілге нұсқау, кепіл туралы шартқа өзгерістер мен
толықтыруларды

сипаттау (меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы, талап ету құқығын басқаға
беру және

кейіннен кепілге салу (кепілге қайта салу), тіркелген кепілдің қолданылуын тоқтату
негіздері)

(кепіл талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шарттың не кепіл
бойынша

құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы шарттың (оның ішінде активтер мен
міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың) қол қойылған күні және нөмірі)

(активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт негізінде өзгерістер мен

толықтыруларды тіркеу жағдайларын қоспағанда, тіркеуші орган берген жылжымалы мүлік кепілінің тіркеу нөмірі)

(енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың мәліметтері мен сипаттауы (машина маркасын, тіркеу құжатының нөмірі мен сериясын және МТНБ көрсете отырып))

(алдыңғы кепіл ұстаушылардың келісімі туралы мәліметтер (кейіннен машиналарды кепілге

(қайта кепілге) салған жағдайда))

Кепіл берушінің немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы

Кепіл ұстаушының немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы

* Кепіл шарттары бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру кезінде – жаңа кепіл

ұстаушының қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы ғана, сондай-ақ құқықты (талапты)

басқаға берген кепіл ұстаушы қол қойған келісім.

Өтініш беру күні: 20__ жылғы _____

Өтінішті қабылдау күні: 20__ жылғы _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

Уақыты: ____ сағат _____ минут

Тіркеушінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Өтінішке "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Тіркеуші органға (көрсетілетін қызметті берушіге) және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатты, ал тұлғаның өкілі – оның өкілеттігін растайтын құжатты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларына 3-қосымша

"Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) тіркеу және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтату, сондай-ақ кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.02.2024 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) тіркеу және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтату, сондай-ақ кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру"

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 3) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру немесе кепілді мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) тіркеу, тіркелген кепілдің қолданысын тоқтату туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты беру. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында	Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы алым төлейді, ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 553-бабына сәйкес: 1) жеке тұлғалардан – 1 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК)); 2) заңды тұлғалардан – 5 АЕК-ні; 3) кепілдің тіркелгенін куәландыратын құжаттың

	көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>телнұсқасын беру үшін – 0,5 АЕК-ні құрайды. Тіркеу алымын төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысында екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысында "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа белгіленген жұмыс графигіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін. Құжаттарды қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға жол беріледі;</p> <p>3) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мейрам күндері жүгінгенде жолданымдарды қабылдау және мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p>

8

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көрсетілетін қызметті берушіге және/немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде: нысан бойынша өтініш; көрсетілетін қызметті алушының не өкілдің жеке басын куәландыратын құжат, сондай-ақ өкілдің өкілеттігін растайтын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (бірдейлендіру үшін); Салық кодексіне сәйкес кепілді тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат;

2) порталға жүгінген кезде: көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған, электрондық құжат нысанындағы өтініш; кепілді тіркеу үшін бюджетке Салық кодексіне сәйкес алым төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі ЭҮТШ арқылы төленген жағдайды қоспағанда). Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді, сондай-ақ ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда, кепілді тіркеу үшін бюджетке алым төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

9

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) кепілді тіркеу туралы өтініштің "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы

	<p>мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>Заңының 9-бабының талаптарына сәйкес келмеуі; 3) кепілді тіркеу туралы өтінішпен тиісті емес адамның жүгінуі; 4) жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжаттың болмауы.</p>
<p>10</p>	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторизацияланған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік құпиясөзді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизацияландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz мемлекеттік органдардың бірыңғай платформасындағы интернет-ресурста көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p>

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, тіркеуші орган _____ және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) _____ мекенжайы бойынша орналасқан № _____ филиалының бөлімі Сіздің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/268 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11708 болып тіркелген) бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда :

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3) _____

ұсынбауыңызға байланысты "Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), өзгерістерді, толықтыруларды (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, кейіннен кепілге (қайталама кепілге) салу) тіркеу және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтату, сондай-ақ кепілді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бір данадан 2 данада жасалды.

(тіркеуші органның және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің аты,

әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Орындаушы: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Телефоны _____

Алдым: _____

(көрсетілетін қызметті алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауылшаруашылық,
мелиорациялық және
жол-құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

№ _____ парақ

№ _____ тіркеу ісі

Машиналар кепілінің тізілімі

Жазба №	Тізілім №	Кепіл нысанасы	Кепіл ұстаушы Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері, туған күні мен жылы; заңды тұлғаның орналасқан жері және атауы	Кепіл беруші Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жері, туған күні мен, жылы; заңды тұлғаның орналасқан жері және атауы	Кепіл сомасы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Ауыртпалықтың пайда болуы		Ауыртпалықтың тоқтатылуы	

Шарттың қолданылуы	Құжаттың атауы мен нөмірі, тіркеу нөмірі, тіркеушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, және қолы	Күні және уақыты (сағаты мен минуты)	Құжаттың атауы мен нөмірі, тіркеу нөмірі, тіркеушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және қолы	Күні және	Тіркеушінің ерекше белгілері
--------------------	--	--------------------------------------	---	-----------	------------------------------

				уақыты (сағаты мен минуты)	
7	8	9	10	11	12

Тіркеу парағын жабу/жалғастыру туралы жазба

Жазбаларды жалғастыруды (жалғастыру кезінде) тоқтату үшін негіз	Көшірілген (жабу кезінде) немесе соңғы жазбалар (жалғастыру кезінде) тізбесі	Парақ нөмірі	Күні, уақыты (сағаты, минуты)	Тіркеушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және қолы
13	14	15	16	17

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларына 6-қосымша Нысан

(тіркеуші органның атауы)

Машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ № _____

(кепіл ұстаушының немесе кепіл ұстаушының уәкілетті өкілінің деректемелері) _____ берілді

Жылжымалы мүлікке қатысты растау:

Мүлік түрі	Тізілімдік нөмірі	К е п і л нысанасының сипаты	Саны	Құны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

_____ кепілі тіркелді
 _____ кепіл ұстаушының

(жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы); заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі, атауы, орналасқан жерінің мекенжайы)

құқығы _____

(кепіл нысанасының сипаты)

_____ тіркелген және мынадай негізгі

(тіркелген күні және нөмірі)

шарттарды қамтитын _____

(негізгі міндеттеменің мөлшері, орындау мерзімі және кепілдің басқа да шарттары)

(шарттың жасалған күні)

кепіл туралы шарт негізінде туындады.

Кепіл берушінің _____

құқығы _____

құқық түрі _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі)

(заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайы, атауы және бизнес сәйкестендіру нөмірі расталды)

(атауы, қабылданған күні, тіркеу нөмірі мен күні)

(кепіл нысанасына құқық белгілеу құжаты)

Тіркеуші _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған
арнаулы жабдығы бар

тіркемелерді косо алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауылшаруашылық,
мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының атауы және мекенжайы)

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.12.2021 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тіркеуші орган

(атауы мен мекенжайы көрсетіледі)

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы көрсетіледі)
мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Бас тарту үшін негіздер: _____

(тіркеуші орган басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/
электрондық цифрлық қолтаңбасы)

20__ жылғы "___" _____